

Аккозова Ардақ Сабыржанқызының 6D120200-«Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындаған ««Цеобалық» пребиотигі қосылған қоспа жемді қолдану арқылы өсірілген Кларлық жайынды (*Clarias Gariepinus*) ветеринариялық-санитариялық сараптау және бағалау» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

Диссертация тақырыбының өзектілігі.

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Жергілікті табиғи минерал - цеолит негізінде дайындалған «Цеобалық» пребиотикалық азықтық қоспасы кларий жайындарына арналған құрама азыққа тамаша қоспа болып табылады. Ежелгі заманнан бері цеолиттерді ауылшаруашылық жануарлар мен құстардың өнімділігін арттыру үшін азықтық қоспалар ретінде қолданған. Цеолиттердің азықтық қоспа ретінде пайдаланып, олардың тірі ағзаға оң әсерін сипаттайтын көптеген отандық және шетелдік басылымдарды атауға болады. Сондай-ақ, цеолиттерді медицинада және ауыл шаруашылығында азықтық қоспалар ретінде қолданады. Сондықтан, олардың мүлдем қауіпсіз екендігіне күмән жоқ.

Айта кету керек, қазіргі кезеңде Қазақстанда балық рационында цеолит негізіндегі азықтық қоспаларды қолдану әлі де өзекті болып қала береді. Өйткені, бұл жергілікті минералдардың балық ағзасына әсерін зерттеу бойынша жеткілікті көлемді зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Цеолиттердің балық ағзасына әсері туралы көптеген ақпаратты орыс және жапон ғалымдары береді. Олар цеолиттердің балық ағзасына әсер ету механизмінің ерекшеліктерін зерттеп, егжей-тегжейлі нәтижелер алған. Алайда, соңғы он жылда Қазақстанда табиғи минералдар азықтық қоспа ретінде пайдаланылған кездегі балық өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау бойынша жұмыстар іс жүзінде жүргізілмеді. Бұл мақсаты балық етінің сапасы мен қауіпсіздігінің ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштерін зерттеу аталған осы жұмыстың өзектілігін анықтайды.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес, докторант цеолиттің балық және ет-сүйекті ұнтақтардың сақтау сапасына әсерін анықтады. Сонымен қатар, цеолиттің *Esherichia coli 64 Г* пробиотикалық штаммының өсу белсенділігі мен оның биомасса түзуіне әсерін анықтау үшін зерттеулер жүргізді. Автор балықтың сапасының ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштерін, жайын балықтарының өсу көрсеткіштерін анықтау бойынша кешенді зерттеулер жүргізді, оның ішінде құрама жем құрамындағы «Цеобалық» пребиотигінің балықтың химиялық және минералды құрамына әсерін егжей-тегжейлі сипаттады. Сондай-ақ, балықтың қанының гематологиялық көрсеткіштерін зерттеді. Докторант ветеринариялық-санитариялық сараптаманың жалпы қабылданған әдістері бойынша балық етіне органолептикалық, физика-химиялық биохимиялық зерттеулер жүргізді. Балықтың сапасына толық

санитарлық баға беру үшін балықтың бұлшық еттеріне, бүйректері мен ішкі мүшелеріне патоморфологиялық зерттеу жүргізді.

Диссертациялық жұмыста балықты ветеринариялық-санитариялық бағалау, оның химиялық құрамын, сондай-ақ цеолиттерді мал шаруашылығында, құс шаруашылығында және балық шаруашылығында азықтық қоспа ретінде пайдалануға қатысты әдебиеттерге шолу жасалынған.

Докторант А.С. Ақкөзова «Цеобалық» пребиотигін құрама жем құрамына қосып қолданған кезде жайын балықтары етінің органолептикалық және физика-химиялық қасиеттері жақсаратынын, рН мәні өзгермейтінін, тағамдық құндылығы мен минералды элементтерінің сандық көрсеткіштері артатынын анықтады. Осылайша, әдістемелік тұрғыдан жеткілікті көлемдегі дұрыс ұйымдастырылған зерттеулер докторант А.С. Ақкөзоваға дұрыс нәтижелер алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, физика-химиялық, биохимиялық, гематологиялық және гистологиялық зерттеулер кешені негізінде «Цеобалық» пребиотигі қосылған қоспа жемді қолдану кларий жайындарының биологиялық және тағамдық құндылығын жақсартудың себебі болып табылады деген негізделген тұжырымдар мен қорытындылар жасалды.

Диссертациялық жұмыс Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің қарамағындағы «AsylGasEngineering» ЖШС – нің № 236-16-ГК «Халықаралық стандарттарға сәйкес жергілікті экологиялық таза азық негізінде өсірілген балықтардан (Тиляпия, Африкалық жайын балық және т.б.) органикалық өнімдер өндіру» ғылыми жобасы негізінде орындалды.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми әдістемелік ережелер.

Докторант өз диссертациясында жергілікті цеолиттің азықтық ұнтақтардың сақтау кезіндегі сапасы мен технологиялық көрсеткіштерінің әсері анықталды. Сонымен қатар, цеолиттің пробиотикалық штамның өсу белсенділігіне әсері зерттелді. «Цеобалық» пребиотигі қосылған құрама азықты қолданған кездегі Африкалық жайындардың сапасын ветеринариялық-санитариялық сараптау жұмыстыры жүргізілді. Жайын балықтарының органолептикалық көрсеткіштері анықталып, балықтардың етінің физикалық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері зерттелді. Балықтардың қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері талданды. «Цеобалық» пребиотигі қосылған азықтың жайын балықтарының өсу көрсеткіштері мен балықтардың етінің химиялық құрамына әсері анықталды. Сонымен қатар, балықтардың етінің минералдық құрамы және етінің, бүйректері мен ішектерінің патоморфологиялық өзгерістері зерттелді.

Докторант алған ғылыми нәтижелер. Диссертациялық зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін ветеринариялық-санитариялық сараптама, балықты химиялық және патоморфологиялық зерттеу бойынша оқу үрдісінде пайдалануға болады.

Жүргізілген тәжірибелік зерттеу жұмыстары балық шаруашылығында «Цеобалық» пребиотигі қосылған толыққанды азықты балықтың өсімін жоғарылату және оның тағамдық және биологиялық құндылығын, сондай-ақ

балық етінің минералды құрамын арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін екенін көрсетеді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.

Зерттеу нәтижелері бойынша 4 ғылыми мақала және 2 авторлық куәлік жарыққа шықты. Соның ішінде: 1 мақала – жоғары импакт факторлы журналда, 3 мақала «Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне» кіретін ғылыми журналдарда жарияланды.

Докторанттардың жеке үлесі. Ұсынылған диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындап, аяқтаған ғылыми – зерттеу жұмысы болып табылады және PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертациялар жөніндегі комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді.

Докторанттың зерттеуші ретінде сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Алынған ғылыми зерттеу тәжірибесі докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік беріп, докторанттың ғылыми қызметкер ретінде сапасы артты. Сонымен қатар, ғылыми зерттеуі бойынша және ғылым жолында жасаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасау барысында тәжірибесінің мол екендігін байқата білді.

Қорытынды. Докторант А.С. Ақкөзова қойылған мақсатқа сәйкес, нәтижелері ветеринария ғылымы үшін теориялық және практикалық маңызы бар барлық зерттеу міндеттерін орындады деп санаймын. Осы диссертацияның мазмұны мен ресімделуі ҚР Жоғары аттестациялау комиссиясының диссертациясына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Докторант А.С. Ақкөзованың ««Цеобалық» пребиотигі қосылған қоспа жемді қолдану арқылы өсірілген Кларлық жайынды (*Clarias Gariepinus*) ветеринариялық-санитариялық сараптау және бағалау» тақырыбында дайындалған диссертациясы қойылған талаптарға сай орындалған және PhD дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

Ветеринария ғылымдарының докторы,
«Ветсансараптау және гигиена»
кафедрасының профессоры

 Н.Б. Сарсембаева

Пікір беруші, в.ғ.д., профессор Н.Б. Сарсембаеваның қолын растаймын.

Бас ғалым хатшы:



У.К. Керимова